



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№43 (1909) 20 ҚАРАША 2023 ЖЫЛ

Ректор QS президентімен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев QS рейтингтік агенттігінің президенті Нунцио Квакварелли және Ресей, Шығыс Еуропа, Орталық Азия бойынша QS рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христюковпен кездесті.



Аталмыш рейтингке қатысушы 856 университет арасында ҚазҰУ биыл 44-орыннан 29-орынға көтерілді. Бүгінгі таңда Қазақ ұлттық университетіндегі білім беру бағдарламаларының

95 пайызы ұлттық және халықаралық аккредиттеу агенттіктерімен мақұлданды. ҚазҰУ пәндік салалар бойынша QS by Subject рейтингінде төрт пәндік сала және 14 дайындық бағыты бойынша үздік топқа кіреді.

QS рейтингтік агенттігінің президенті Нунцио Квакварелли ҚазҰУ басшылығына әріптестік байланыстары үшін алғысын білдіре отырып, 2011 жылдан бастап ҚазҰУ әлемнің үздік жоғары оқу орындарының QS WUR халықаралық рейтингінде қазақстандық жоғары оқу орындары арасында сөзсіз көшбасшы болып табылатынын атап өтті.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Литва Республикасының Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы төтенше және өкілетті елшісі Эгидиус Навикаспен кездесті.

Литваның Қазақстандағы елшісі ҚазҰУ-ға келді



«Қазіргі таңда ҚазҰУ Литваның төрт жоғары оқу орнымен келісім орнатқан. Серіктестіктің арқасында оқытушылар мен студенттерді академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша алмасу жұмыстары жақсы дамуда», – деді ректор.

Эгидиус Навикас бүгінгі кездесу жаңа бастамаларды жүзеге асыруға сеп болатынын айтып, өз ұсынысын жеткізді.

«ҚазҰУ – Қазақстанда ғана емес, Орталық Азиядағы көшбасшы университет. Сондық-

тан алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнымен байланысты арттыру біз үшін де аса қажет. Серіктестікті арттыруға бағытталған барлық бастамаларды қолдай отырып, алдағы уақытта халықаралық қатынастар факультетінде Литваның аудиториясын ашуды ұсынамын. Бұл екі елдің ынтымақтастығын одан әрі айқындайтын бастама болары сөзсіз», – деді елші.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Түркияның 100 жылдығына арналған конференция өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға арнайы сапармен келген профессор «Түркия Республикасының 100 жылдығы. Түркі әлемі болашағының бағдары» атты тақырыпта көшбасшылық дәріс оқыды.

ма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев түрік ғалымымен кездесіп, ғылым және жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін талқылады. Университет басшысы профессор Ильбер Ортайлының оқыған дәрісі мен университетке жасаған арнайы сапары үшін алғыс білдіріп, Түркия халқын Тәуелсіздігінің 100 жылдық мерейтойымен құттықтады.



ҚазҰУ ректоры белгілі ғалым, саясаттанушы, жазушы, Түркия Президентінің мәдениет және өнер саласындағы Гран-приінің, Пушкин медалі мен Лацио сыйлығының иегері Ильбер Ортайлыға «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын салтанатты түрде табыс етті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқар-

Шыңжаң институтымен бірлескен зертхана ашылады

2 >>



ҚазҰУ туралы деректі фильм түсірді

3 >>



Сағымбай КОЗЫБАЕВ:

ҚазНУ – наш отчий дом

4 >>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңін іске асыру жұмыстарын пысықтады.

Құрылысты іске асыру жұмыстары пысықталды



Ректор инвесторлармен бірге қалашықта жаңадан бой көтеретін оқу корпустарының, жатақханалардың, инновациялық және ғылыми-зерттеу орталықтарының, емхананың орындарын аралап көрді. Сондай-ақ ғимараттардың дизайнын танысты.

2022 жылдың 1 маусымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, қызметімен танысқан болатын. Жұмыс сапары барысында Президент ҚазҰУ қалашығы құрылысы II кезеңінің Бас жоспарына қолдау білдіріп, бекітті.

Кейін ағымдағы жылдың сәуір айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкі-



мінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров және ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен II кезеңнің басталуына байланысты естелік капсула салынды.

Қалашықты аралап болғаннан соң, ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев жауапты мамандарға жұмыстарды жүйелі және сапалы жүргізуді тапсырды.

Гүл БАЯНДИНА



Профессорды мерейтойымен құттықтады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев әдебиеттанушы ғалым, Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевпен жүздесті.



Кездесуде оқу ордасының басшысы көрнекті ғалымды мерейлі 75 жасымен құттықтап, құрмет көрсетті.

«Сіз қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан тұлғасыз. Сіздің жасаған жұмыстарыңыз болашақ жастар үшін өте өзекті және ешқашан құндылығын жоғалтпайды деп санаймын. Жастардың қамқоршысы болып, білімді шәкірттер тәрбиелеп, өзіндік ғылыми мектеп

қалыптастырдыңыз. Бүгінде Абай ғылыми-зерттеу институтын басқарып, түрлі халықаралық дәрежедегі конференциялар өткізіп, айтулы жетістіктерге қол жеткізіп келесіз. Мерейлі 75 жасыңыз құтты болсын!» – деп жылы лебізін білдірді.

Өз кезегінде профессор Жанғара Дәдебаев ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаевқа ризашылығын жеткізіп, жұмысына сәттілік тіледі.

Шыңжаң институтымен бірлескен зертхана ашылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚХР Ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институты басшысының орынбасары Джилли Абдувайли бастаған делегациямен кездесу өткізді.

Жүздесуде тараптар ҚазҰУ-да Қазақстан-Қытай бірлескен Жерді қашықтықтан зондтау технологиялық зертханасын ашу жұмыстарын талқылады. Зертхана 2024 жылдың қаңтар айында география және табиғатты пайдалану факультетінің базасында ашылмақ.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға ҚазҰУ-дың ғылыми жетістіктерін таныстырып, ашылғалы жатқан зертхана екі университеттің ғылыми байла-



нысын арттыратынын атап өтті.

«ҚазҰУ мен Шыңжаң экология және география институтының ғалымдары әзірлеген түрлі инновациялық жобалар жеткілікті. Алдағы уақытта зертхана ашылғаннан кейін екі оқу ордасының ғалымдары бірлесіп жұмыс істеп, ғылыми жобалармен алмасулары

қажет деп санаймын», – деді ректор.

Өз кезегінде Шыңжаң экология және география институты басшысының орынбасары Джилли Абдувайли зертханада тұратын барлық құрылғылар сатып алынғанын және жақын арада ҚазҰУ-ға жеткізілетінін айтты.

Ғылыми байланыстар нығая түседі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Ләззат Ералиевамен және биология ғылымының докторы, Орегон ұлттық приматтарды зерттеу орталығының, АҚШ-тың Діңгекті жасушалар орталығының және ҚазҰУ профессоры Шухрат Миталиповпен кездесті.



100 инновациялық жоба әзірлеп шықты. Қазіргі таңда ғылыми жобаларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар білім мен ғылымды дамыту мақсатында шетелдің көшбасшы университеттерімен серіктестікті жандандырып келеміз»,

– деді ректор Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде қонақтар оқу ордасының басшысына ризашылықтарын білдіріп, ынтымақтастық пен ғылыми байланыстарды одан әрі нығайтуға мүдделі екендіктерін жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

«Қазақ газеттерімен» серіктестік артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлымен кездесіп, серіктестікті арттыру бойынша өзара пікір алмасты.



Кездесу барысында ректор құрметті қонақтарды университет жетістіктерімен таныстырып, алдағы жоспарлары туралы айтты.

Сондай-ақ тараптар жүздесуде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтетін ауқымды іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен

насихаттау, өзара ақпараттық қолдау көрсету және ақпарат алмасуда бірлесіп жұмыс істеу мәселелерін талқылады.

Өз кезегінде «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры

Дихан Қамзабекұлы университет басшылығына алғыс айтып, серіктестікке бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

ҚазҰУ туралы деректі фильм түсірді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында Түркияның «TRT» телеарнасы оқу ордасы туралы деректі фильм түсірді.

Мақсат – түркі әлеміндегі көшбасшы жоғары оқу орындарын әлемге таныстыру және кеңінен насихаттау.

Деректі фильмде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтан, құрметті профессорлардан, факультет декандарынан және білім алушы жастардан сұхбат алынып, университеттің қызметі мен тыныс-тіршілігі туралы ақпарат берілді.

Сондай-ақ университеттің білім беру жұмыстары мен ғылыми инфрақұрылымы толық таныстырылды.



«TRT» телеарнасының түсірілім тобы ҚазҰУ музейін, Әл-Фараби кітапханасын, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығын, ҚазҰУ спорт кешенін, оқу ғимараттарын және аудиторияларды түсірді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы деректі фильм Түркияның «TRT» телеарнасынан алдағы уақытта көрсетілетін болады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Тұрақты даму саласындағы мақсаттар (ТДМ) (Sustainable Development Goals (SDGs (SDGs)) – 2015 жылы БҰҰ Бас ассамблеясының «Барлығының жақсы және тұрақты болашағына қол жеткізу жоспары» ретінде әзірлеген 17 өзара байланысты мақсаттар жиынтығы.

деуіне жол бермейді. Егер біз қазір әрекет етпесек, түрлі кесел, дұрыс тамақтанбау және қауіпті су сияқты оңай алдын алуға болатын себептерге байланысты миллиондаған адам-

Тұрақты даму мақсаттары: маңызы мен міндеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің осы бағытта істеп жатқан негізгі шаралары қоғамдағы өзекті мәселелерді меңгеруге, шешуге негіз болды. Бұл мақсаттар 2030 жылға қарай тұрғындар мен ғаламшар өмірін түбегейлі жақсартуға бағытталған 17 тармақтан тұратын ТДМ-ға жетудің жолын анықтайды.

17 ТДМ-ның қысқаша атаулары: кедейлікті жою (ТДМ 1), аштықты жою (ТДМ 2), жақсы денсаулық және әл-ауқат (ТДМ 3), сапалы білім беру (ТДМ 4), гендерлік теңдік (ТДМ 5), таза су және санитария (ТДМ 6), қымбат емес және таза энергия (ТДМ 7), лайықты жұмыс және экономикалық өсу (ТДМ 8), индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым (ТДМ 9), теңсіздікті қысқарту (ТДМ 10), тұрақты қалалар және елді мекендер (ТДМ 11), жауапты тұтыну және өндіріс (ТДМ 12), климаттың өзгеруімен күрес (ТДМ 13), теңіз экожүйелерін сақтау (ТДМ 14), құрлық экожүйелерін сақтау (ТДМ 15), бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар (ТДМ 16), тұрақты даму үшін серіктестік (ТДМ 17).

ТДМ мақсаттары мен индикаторының тізімі 2017 жылдың шілдесінде БҰҰ қарарында жарияланды. Әр мақсат әдетте 8-12 мақсаттан тұрады және әр мақсатта біреуінен екіншісіне жетудегі прогресті өлшеу үшін қолданылатын бір-төрт көрсеткіш бар, бір мақсатқа орташа есеппен 1,5 көрсеткіш.

Мысалы, осы ТДМ 1 – бұл барлық жерде кедейлікті жою-

ды мақсат етеді. Егер біз ТДМ 1-ге қол жеткізсек, онда 2030 жылға қарай бүкіл әлемдегі кедейлік тоқтайды. Оның көрсеткіштерінің бірі – кедейлік шегінен төмен тұратын халықтың үлесі. Бұл деректер жынысы, жасы, жұмыс жағдайы және географиялық жағдайы (қала/ауылдық) бойынша талданады.

Мақсат жеті мақсаттан және прогресті бағалау үшін 13 индикатордан тұрады. Бес түпкі мақсат: төтенше кедейлікті жою; кедейліктің барлық ауқымын жартысына азайту; әлеуметтік қорғау жүйелерін енгізу; меншікке, негізгі қызметтерге, технологияларға және экономикалық ресурстарға тең құқықтарды қамтамасыз ету; экологиялық, экономикалық және әлеуметтік апаттарға төзімділікті арттыру. Іске асыру құралдарына қатысты екі мақсат – кедейлікті жою үшін ресурстарды жұмылдыру және барлық деңгейлерде кедейлікті жою саясатының негіздерін құру. Яғни 17 мақсат өз бөлігінде түпкі мақсаттарды айқындайды және бұл мақсаттарға қол жеткізген деректер немесе ақпарат балалар, қарттар, мүгедектер, босқындар, жергілікті халықтар, мигранттар және ішкі қоныс аударушылар сияқты барлық осал топтарға қатысты болуы керек.

Жалпы, бұл адамзат тағдырына алаңдаушылықтан туындаған құжат. Климаттың өзгеруі, қақтығыстар, COVID-19 және экономикалық дағдарыс қоғам мен отбасылардың, олардың мүшелерінің өркен-

дардың өмірін жоғалту қаупі бар. Сондықтан БҰҰ-ның бұл маңызды құжаты, ең алдымен, жер бетінің байлығы адам өмірімен тығыз байланысты.

Қазіргі кездегі өмір сүру құны, қақтығыстар, климаттық дағдарыс, су тасқыны, аптап ыстық, дала өрттері сияқты жағдайлар өмір сүруде де, экономиканы жақсартуды мақсат етуде де айтарлықтай кедергі келтіреді, әйтсе де біздің жақсы өмірге деген сеніміміз сақталады.

Жоғары оқу орындары – ТДМ шараларын түзудің және сол мақсаттарға жетуге негіз болатын, пайдалануға ықпал ететін білім беру платформасы. Осы мәселелерді ойландыратын сабақ жоспары, іс-шаралар мен ресурстар бар, олардың барлығы жастарды әрдайым хабардар және белсенді азамат болуға үндейді. Негізі, бізде жаһандық мақсаттарға қол жеткізуді қолдау үшін пайдалы ресурстар бар.

Қорыта келе, тұрақты даму мақсаттары негізінде қайта топтасып, күш жинап, әлемде болып жатқан келеңсіз жағдайларды бірге жеңейік дегіміз келеді. Студенттік топтарда осы мақсаттарға лайық іс-шара өткізу өскелең ұрпақтың бұл мәселелерді біліп және оған немқұрайды қарамауға септігін тигізери сөзсіз.

Сәуле ЕРМҰХАМЕТОВА, Джанатұлы ӘЛКЕБАЕВА, Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушылары

Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетін өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері бітірген түлектер арасында Амангелді Темірбеков есімін білмейтін жан жоқ шығар. Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген соң, география ғылымынан кандидаттық диссертациясын қорғап келіп, сол кездегі география факультетінің Экономикалық және әлеуметтік география кафедрасында бастаған ассистенттік қызметтен бүгінгі ҚазҰУ профессоры дәрежесіндегі жарты ғасырлық еңбек жолын жалғастырып келе жатқан ғалым-ұстаз биыл мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Ғылым көзіндегі тау тұлға

Осы жылдарда факультеттің, кафедраның өркендеп өсуіне Амангелді Тәжіұлының қосқан үлесі өлшеусіз. Факультеттегі білім, ғылым және тәрбие саласында жасаған еңбектерінің нәтижелері бүгінде тек мақтанышқа лайық. Атап айтар болсақ, университет Қазақ мемлекеттік болып аталғанымен, 1990 жылға дейін факультеттегі барлық мамандықтар бойынша мамандар даярлау тек ресми орыс тілінде ғана жүзеге асатын. Бұл орны толмай тұрған оқылық еді. Сол кезде декан орынбасары қызметінде жүріп, алғаш рет факультетте қазақ топтарын ашу жөнінде батыл бастама көтерген Амангелді Тәжіұлы болатын. Әрине, әріптестері тарапынан бұл ұсынысы көптеген сын-пікірге ұшырады. Басты себеп – қазақ тіліндегі оқулықтардың болмауы және қазақша дәріс оқытын профессорлық-оқытушылар құрамының тапшылығы. Соған қарамастан, «Көш жүре түзеледі» дегендей, география мамандығы бойынша өзі қызмет атқарып жүрген Экономикалық және әлеуметтік география кафедрасына География институтынан, Ғылым академиясынан, ғылыми-зерттеу институттарынан білгір қазақтілді ғалым мамандарды шақырып, 1990 жылы алғаш рет қазақ тобының ашылуына мұрындық болды.

Экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған кезде Ғылыми диссертациялық кеңестер ашылып, қазақша кандидаттық диссертациялар қорғалды. Сол диссертанттардың басым көпшілігіне Амангелді Тәжіұлы ғылыми жетекшілік етті. Уақыт өте келе, бұл игілікті істі басқа да кафедралар қолдап, жалпы факультетте мемлекеттік тілді қолданудың аясы кеңейе түсті. Мамандар даярлау талабына сай, біртіндеп студенттерге арналған қазақша оқулықтар шыға бастады. «ҚазҰУ хабаршысы» ғылыми журналының «География» сериясында қазақ тілінде мақалалар жарияланып, ғылыми конференцияларда қазақша баяндамалар жасала бастады. Амангелді Тәжіұлының 90-жылдары тіл жанашыры болып көтерген бұл бастамасы қазіргі күнде толыққанды өз жемісін бере отырып, факультеттің бүкіл ісқағаздары мемлекеттік тілде жүргізілетін жағдайға жетті.

Бакалавр, магистрант, докторанттарға білім беруде Амангелді Тәжіұлының ерекше өзіндік әдістемесі бар. Оқу бағдарламалары арасында негізінен «Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы», «Ауыл шаруа-



шылығы географиясы» т.б. пәндерден дәріс оқу барысында үнемі жаңа материалдарды пайдаланып қана қоймай, оларға терең талдаулар жасайды және кез келген саладағы үрдістердің себеп-салдарының мәнсізін географиялық тұрғыдан ашып көрсете біледі. Кез келген мәселеге әлемде қазіргі күнде қалыптасып отырған экономикалық, әлеуметтік, геосаяси жағдайға байланысты баға бере отырып, алдағы уақытта сол үрдістің қалай өрбитініне болжам жасайды. Әсіресе әлемдегі болып жатқан геосаяси мәселелерге өзінің ұзақ жылғы жүргізген ғылыми тәжірибесіне сүйеніп жан-жақты сараптама жасай отырып, көрегендікпен шешімін дәл тауып айтады. Профессордың әр дәрісі өте қызықты ететіндіктен, сабақтан бос оқытушылар да дәрісіне қатысып, ерекше шеберлігіне тәнті болады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары саласында да Амангелді Тәжіұлының ауыз толтырып айтатын еңбектері көп. Оның негізгі ғылыми зерттеу бағыты: ауыл шаруашылығы географиясы. Университет, факультет деңгейінде, одан басқа халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияларға жиі қатысып, баяндамалар жасайды. АҚШ, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б. елдерде өткен халықаралық ғылыми конференцияларда жасаған баяндамалары негізіндегі мақалалары халықаралық ғылыми Scopus журналдарында жарық көруде.

Сексеннің сенгіріне шыққан География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының таудай тұлғасы Амангелді Тәжіұлына мерейтойыңыз құтты болсын, өнегелі өміріңізбен бізге үлгі болып жүре беріңіз деген тілек айтамыз.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұжымы атынан шәкіртіңіз
Орал ҒАБДОЛЛА,
аға оқытушы

Президент Академии журналистики Казахстана, доктор исторических наук, профессор КазНУ им. Аль-Фараби Сагымбай Козыбаев имеет в своём активе десятки наград и званий, в том числе международных. Сагымбай Кабашевич стоял у истоков создания нескольких кафедр факультета журналистики, активно участвовал в исторических исследованиях печати Казахстана, создав уникальные научные прецеденты, когда он находил доказательство возникновения газет гораздо раньше той даты, которую они указывали в выходных данных. С увлеченностью настоящего ученого он берется за исследование, воскрешающее историческое прошлое, восстанавливающее справедливое прочтение непростой судьбы журналистики страны и общества. Академия журналистики под бесценным руководством С.К.Козыбаева позволяет сохранять в профессиональном сообществе высокий профессионализм и потенциал духовности, а учрежденные академией премии «Алтын жұлдыз», «Алтын Самұрық» и «Аққу» считаются высшими общенациональными журналистскими премиями государства. Сегодня мы беседуем с Сагымбаем Кабашевичем Козыбаевым – одним из составителей данного сборника, посвященного славному юбилею – 90-летию Казахского национального университета им. Аль-Фараби и одновременно 75-летию нашей газеты – «Qazaq universiteti».



университета и 75-летию газеты «Qazaq universiteti», если точнее одной из многих книг, связанных с юбилеем. Каждый из 16 факультетов готовит свои памятные сборники. А наш посвящен одновременно 75-летию газеты «Qazaq universiteti» – идейному стержню всей деятельности альма-матер. К тому же, вы были по совместительству одним из редакторов газеты в 1974-1976 годы...

– Не знаю, сколько редакторов газеты было до дней нынешних с 1948 года. Сегодня мы даем дань их памяти. С.Толешов, Х.Бекхожин, Т.Амандосов, Ш.Елеуенов, А.Мархабаев, есть и ныне здравствующие.

Сейчас время компьютерное, а тогда набор делали вручную, о компьютерах даже не мечтали. Выход каждого номера газеты был особым чувством бытия собственного, сутью ежедневного существования. В данном сборнике есть воспоминания об этом, не буду повторяться.

Скажу лишь одно. Для многих страницы газеты – трамплин для сотен журналистов в большую творческую жизнь. Начиная с Ануара Алимжанова, двух Героев Социалистического Труда – Анатолия Иванова, автора романов «Тени исчезают в полдень», «Вечный зов», Анатолия Ананьева, автора романа «Танки идут ромбом», Какимжана Казыбаева, Турсунбека Какишева, Марата Барманкулова, Сапара Байжанова... Десятки знаковых личностей. А если вспомнить 1934 год, Казахский институт журналистики, влившийся в канун войны в факультет журналистики – это сотни имен, оставивших след в высшей духовности нации. Поэтому надо считать честью равняться на эти личности и нести достойно вахту на стезе, называемой госпожой по имени «журналистика»!

– Благодаря таким преподавателям как вы вся казахстанская журналистика гордится родным университетом – КазНУ! Спасибо, вам, Сагымбай Кабашевич!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Профессор Сагымбай КОЗЫБАЕВ:

КазНУ – наш отчий дом

– Сагымбай Кабашевич, вы проработали по сути всю жизнь в университете – полвека, без малого 50 лет! Причем на одном месте – факультете журналистики. Прошли все стадии преподавательской кухни – от старшего преподавателя до профессора, были 30 лет заведующим кафедрой, деканом факультета, являетесь почетным заведующим кафедры печати и электронных СМИ, инициатором и первым президентом Академии журналистики Казахстана уже более 20 лет.

– Меня обуревают сложные эмоции. Каждый раз вступая в сень храма Фараби на фоне белоснежных высоких гор, остро ощущая особый трепет сердца, особое волнение души. Вся по сути жизнь отдана родной альма-матер. Знаю одно: ты обитатель ее, ты согрет ее теплом, тебя ждет младое племя. В доме этом и обласкают, коль достоин, поругают, если заслужил. Но ты все равно мил, ты частица этого божественного храма, член загадочного сообщества коллег, своеобразного масонства единомышленников. И пока дойдешь к студентам до

заветной лекционной аудитории, потеряешь счет приветствиям...

– Действительно, такие же чувства испытывают все настоящие патриоты университета. Когда сходишь на остановке с транспорта, проходишь нашу знаменитую арку и видишь такую уникальную панораму КазГУграда...

– Может быть это звучит слащаво, но подобное чувство испытываю почти ежедневно. КазГУ до 1981 года занимал место на Старой площади, на тогдашней улице Кирова 136, я там начинал свою преподавательскую деятельность. С 1981 года мы здесь в КазГУграде. Это сколько лет только на Фараби-Тимирязева. 42 года! Умножьте на число дней в году.

Мое особое поклонение, как и всех патриотов университета, человеку, чье имя носит вуз, человеку, которому более 11 веков со дня рождения. Взирая гордо с пьедестала на фоне белоснежных священных гор, он будто благословляет (өзінің батасымен) спешащих в университет за знаниями потомков – и юных, и седовласых...

– 1934 год – год рождения КазНУ. Нынче университет в канун своего

юбилея. Это люди, взрастившие родной вуз, это питомцы...

– У нас в университете один из лучших, не только в вузах, музей собственной истории. Каких людей взрастил КазНУ! Десятки лауреатов Государственной премии, академиков, общественных деятелей. Их портреты украшают анфилады музея. Вышли десятки книг, изданных в собственном издательстве, в том числе трехтомник «Элита». Это дорогого стоит. И ведь это начало детальной истории 90-летнего пути альма-матер.

– Вы пришли работать в КазГУ в 1974 году – год сорокалетия университета. Есть что вспомнить. Вам лично?

– Конечно же. Тогда уже два года работал ректором У.А.Джолдасбеков, один из выдающихся деятелей высшего образования. Только по сути разворачивалось строительство вузовского городка. Время идет, при каждом руководителе вуза было развитие университета. Какие были руководители, каждый оставил свой незримый след – Е.Ергожин, М.Абдильдин, К.Нарибаев, Т.Кожамкулов, Б.Жумагулов, Г.Мутанов. А до этого – Т.Тажибаев, А.Закарин, Т.Дар-

канбаев... А надо еще вспомнить довоенные и годы Великой отечественной. Это была история страны и каждый руководитель отдавал свои лучшие годы нашему университету.

– Но ведь были личности, ежедневные, с кем вы общались?

– Я думаю, что не надо забывать о коллегах, это долг каждого. Журналистика – синтез многих наук, прежде всего связанных со словом. Поэтому некоторое время факультет журналистики был как бы отделением филологического факультета, пока не произошло превращение в собственный факультет. Тауман Салыкбаевич Амандосов был деканом этого совместного факультета. А преподавала журналистам когорта выдающихся ученых во главе с М.О.Ауэзовым. А собственные кадры? Сегодня их имена вспоминаем лишь по значительным датам. А жаль. З.Турарбеков, Б.Кенжебаев, З.Кабдолов, Т.Какишев, С.Матвиенко, Х.Бекхожин, М.Дмитровский, Ф.Жеребятъев, Л.Куканов, Г.Колосов, М.Барманкулов, С.Сагалович, М.Мадзигон, Р.Зуева, Г.Ким... Светлая им память!

– Хочу плавно перейти к сути нашей книги, посвященной 90-летию

Вдохновение, знание и незабываемая студенческая жизнь

Великолепные годы университетской жизни – это не только период обучения, но и время, когда молодые умы расцветают, дружбы навсегда складываются, а будущие лидеры находят свой путь. И если речь идет о незабвенной студенческой жизни, то Казахский национальный университет им. Аль-Фараби – это место, где образование сочетается с увлекательными приключениями и невероятными возможностями.

Основанный 90 лет назад, КазНУ является источником знаний и инноваций для страны и всего региона. Названный в честь великого ученого аль-Фараби, университет несет в себе наследие и принципы учености, оставаясь одним из крупнейших образовательных учреждений в Центральной

Азии. Продвинутая инфраструктура, современные лаборатории и передовые технологии позволяют студентам КазНУ погружаться в мир исследований и делать значимые открытия.

Помимо академической великолепии, КазНУ предлагает студентам идеальное место для формирования лич-

ности и духовного развития. Кампус университета – настоящий оазис, где сливаются старинные архитектурные шедевры с современными удобствами. Парки, скверы и зеленые аллеи создают идеальную атмосферу для активного образа жизни, спортивных мероприятий и вдохновляющих встреч. Вдохновляющая студенческая жизнь в КазНУ – это не только богатая образовательная программа, но и бесконечное количество дополнительных мероприятий, клубов и общественных организаций. Студенты имеют возможность заниматься спортом, искусством, научными исследованиями, а также волонтерской деятельностью.

Клубы и общества охватывают широкий спектр интересов – от творчества до предпринимательства. Это место, где каждый может найти свое призвание и раскрыть свой потенциал. Студенческая жизнь в КазНУ настолько насыщена событиями и возможностями, что невозможно не завести друзей на всю жизнь. Общежития, студенческие организации и учебные группы становятся источниками не только знаний, но и настоящих дружеских связей. Многоликость культур и национальностей, представленных в университете, обогащает общение и расширяет кругозор.

Студенческая жизнь в КазНУ – это нечто большее, чем прос-

то учеба. Это время, когда молодые умы созревают, личные ценности закаляются, а мечты о будущем становятся более яркими и осмысленными. КазНУ является катализатором для тех, кто ищет знания, приключения и незабываемые моменты, и готовится внести свой вклад в будущее общества. Таким образом, КазНУ – это не только университет, но источник вдохновения, знаний и студенческой жизни, которая оставит незабываемый след в сердцах всех, кто ступит на его землю.

Самал САГНАЙКЫЗЫ,
Урикуль САНДЫКБАЕВА,
ст.преподаватели кафедры
дovuзовской подготовки

Түлектер жұмыс күшінің ұсынысын арттырады

Қазір өндіріс орнының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жоғары білікті және кәсіби мамандарға сұраныс артып келеді. Осыған орай, ұлттық білікті кадрларды кәсіби жағынан дайындау мен қайта даярлау өзекті және бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан еңбек нарығын реттеудің әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық, сондай-ақ инфрақұрылымдық қызмет көрсетудің тетіктерін жетілдіру маңызды. Аймақ тұрғындарын жұмыспен қамтуда әлеуметтік қорғаудың белсенді нысаны ретінде жұмыссыз азаматты кәсіби дайындау мен қайта даярлау үшін мемлекеттік бағдарлама жасау негізгі мәселенің бірі әрі ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеуді талап ететіні айқын.

Қазақстанның еңбек нарығындағы жағдайға сәйкес, өткен жылы жұмыспен қамту деңгейі 15 жас және одан үлкен жастағы халық санына шаққанда – 65,5 пайыз, жұмыс күшінің санына шаққанда – 95,2 пайызды құраған. Ал жұмыссыздықтың деңгейі (Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесіне сәйкес) 2022 жылы тұрақты болды және 4,8 пайыз. Жұмыссыздардың саны (ХЕҰ әдістемесіне сәйкес) – 456,1 мың адам. Сонымен қатар жұмыс істемейтін, білім алумен және оқытумен айналыспайтын NEET жастардың үлесі – 6,3 пайыз.

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеудің нәтижесі бойынша, 2022 жылы ел экономикасының әртүрлі саласында 9 млн адам жұмыспен қамтылған. Соның ішінде 6,9 млн адам жалдамалы жұмыспен (жұмыспен қамтылғанның жалпы санының 76,7 пайызы), 2,1 млн адам өзін-өзі жұмыспен (жұмыспен қамтылғанның жалпы санының 23,3 пайызы) қамтыды. 2021 жылмен салыстырғанда жалпы жұмыспен қамтудың көрсеткіші 153,6 мың адамға өскен, негізінен, жалдамалы жұмыскердің (113,9 мың адам) есебінен өсіп отыр. Сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығанның саны (39,9 мың адам) өскен.

2022 жылы жұмыспен қамтылғанның ең көп үлесі саудада (16,8 пайыз), білім беру саласында (12,9 пайыз) және өнеркәсіп орнында (12,4 пайыз), ауыл шаруашылығы (12 пайыз) саласында байқалды. Толық жұмыспен қамтылмағандар (жұмыс көлемінің төмендеуі, жұмыс берушінің бастамасы, өзгермелі жұмыс кестесі бойынша және басқа да себеппен азғана жұмыс істеген) саны 2021 жылмен салыстырғанда 9,9 пайызға өсіп, 268,9 мың адамды құраған. Негізгі жұмыс бойынша орта есеппен бір жұмыспен қамтылған азаматқа аптасына нақты жұмыс істеген сағаты – 39 сағат, бір жалдамалы қызметкер үшін – 41 сағат, өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкер үшін – 34 сағат. Жұмыссыз, бірақ жұмыс іздемеген немесе жұмысқа кірісуге дайын емес адамның саны (өлеуетті жұмыс күші) – 39,5 мың.

Еңбек нарығы бойынша көрсеткіштердің серпініне тоқталатын болсақ, 2021 жылмен салыстырғанда жұмыссыздық деңгейі (ХЕҰ әдіснамасына сәйкес) 4,8 пайызға дейін төмендеді, сондай-ақ 15 және 28 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2021 жылмен салыс-

тырғанда 0,1 есеге өсіп, 3,8 пайызды құраған.

Халықаралық тәжірибе бойынша, адамның еңбек өндірісін және маманның бір жұмыс орнында жұмыс істеудің ұзақтылығымен тығыз байланысты екенін дәлелдеді. Арнайы зерттеуге сәйкес, жалпы, маманның бір орында тиімді жұмыс істеу мерзімі төрт жыл екен. Психология ережесі бойынша, осы кезеңде өндірісті дұрыс түсінудің және басқару жұмыстарын шешу үшін тиісті тәжірибе жинақталады, дегенмен одан әрі қарай ізденісі кемігендіктен білім деңгейі төмендейді. Осыған орай, тігіннен (қызметтік оқу, карьерлік ауысу) және көлденеңі бойынша (жаңа міндеттер) маманның жұмысқа деген белсенді тұрақты қарым-қатынасын көрсетеді. Кейбір дамыған елдерде, оның ішінде АҚШ-та 20 жыл бір компанияда жұмыс істеген маманмен салыстырғанда 20 жыл ішінде төрт-бес компанияда жұмыс істеген менеджерге сұраныс жоғары.

Елімізде жыл сайын ЖОО бітіруші түлектің есебінен жұмыс күшінің ұсынысы өседі. ЖОО, оның ішінде кәсіби оқу орнының түлектерін жұмысқа орналастыруды реттейтін тетіктің болмауы кәдімгідей қиындық туғызады. Қазіргі жастардың кәсіби құндылықтарды аса бағаламауы алаңдатып отыр. Жастар арасында кеңінен тарап кеткен, еш жерде жазылмаған ұраны – қандай жолмен болса да, табыс табу. Дегенмен жастар – еңбек нарығындағы ең осал топтың бірі. Бүгінде 20-29 жас аралығындағы қыздар мен жігіттердің шамамен 50 пайызында тұрақты жұмыс орны болмай тұр.

Тіркелген жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқыту үш жолмен жүзеге асады: бастапқы білім беру; біліктілігін көтеру; кадрларды қайта даярлықтан өткізу. Әрине, кәсіби білім алу, қабілетке және бейімге үйрену үдерісі 18-20 жас арасындағы кезеңде белсенді түрде жүзеге асады. Осы кезеңде жастардың басым көпшілігі кәсіби оқуын аяқтап, тұрақты жұмысқа орналасуды мақсат тұтады. Сонымен бірге еңбектік қызметтің ерекшеліктері ретінде жұмыспен қамту бойынша кепілдік, кәсіби жағынан даму мен лауазымдық өсумүмкіндіктерін атауға болады. Осыған орай, жастар қосымша білім алуға және тәжірибе жинақтайды. 29 жасқа дейінгі жастардың басым бөлігінде белгілі бір біліктілік, кәсіби және өмірлік тәжірибесі қалыптасып үлгерді. Олар өзіне не қажет



екенін біледі, отбасы құрған және ұсынылған немесе шақырылған жұмыс үшін дербес талабын қоя алады. Осы уақытта өзін көрсету, табысқа жету, ұйымда бедел мен абыройға ие болу 25-29 жас арасындағы жұмысшыға тән қасиет болып саналады. Аталған кезеңде белгілі бір мамандықты игеру үдерісі аяқталады, кәсіби маман немесе білікті басшы болу қалыптасады және көптеген құндылықтарға қол жеткізеді.

Қазақстан еңбек нарығындағы жастардың жағдайын талдау екі маңызды жағдаймен негізделеді: біріншісі – еліміздегі жұмыссыз халықтың құрылымы бойынша 15-24 жас арасындағы азаматтардың үлесі – 20-25 пайыз, ал енді 25-29 жас арасындағы азаматтардың үлесі 16-20 пайызды құрады. Екіншісі – ең негізгі – еліміздің болашағы. Жастар қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық құрылымын айқындайды. Сондықтан біздің елімізде олар ең қорғансыз топтың бірі болып саналады. Аталған мәселенің өзектілігіне қарамастан, ғылыми-зерттеу жұмыстарында оларға өте көп назар аударылмай келеді. Жас ерекшелігіне қарай талдасақ, 18-24 жастағы жастардың басым бөлігі кәсіби дайындықтан өткен немесе өтетін білім алушы жас азаматтар. Ал осылар еңбек нарығына жаңадан келген ең қорғансыз топ болып тұр. Өйткені оның кәсіби тәжірибесі жеткіліксіз және әлеуметтік жағынан аз қорғалған, осыған орай, бәсекеге де түсе алмайды.

Қазақстан электрондық еңбек биржасының сайтында жарияланған мәліметтің негізінде, жол, құрылыс, көлік-логистика саласында жұмыс орны өте көп, мамандар тапшы. Сонымен қатар сұранысқа ие мамандықтың үлесі жалпы көрсеткіштер бойынша жол саласының жұмысшысы – 7,3 пайыз, күзетші – 5,6 пайыз, көлік жүргізушісі – 4,4 пайызды құрап отыр.

Қазақстанға Қытай, Өзбекстан, Түркия, Үндістаннан көп жұмысшы келеді, оның ішінде инженердің саны басымдық. Шетелден келгеннің басым көпшілігі құрылыс саласында жұмыс істейді, сондай-ақ ауылшаруашылық өнімдерін өндіру саласында, механик пен техник мамандары.

Елімізде жастардың 42,9 пайызының толық немесе аяқталмаған жоғары білімі бар, соның ішінде жоғары және

аяқталмаған жоғары білім алған жастардың 35,9 пайызы және орта білімі барлардың 39 пайызы жұмыссыз азаматтар.

Болашақта осыдан бірнеше жыл бұрын өзекті болған мамандықтың 65 пайызы сұранысқа ие болмай қалады. Алдағы кезеңде тау-кен өндірісі, металлургия, мұнайды өндіру мен өңдеу, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика, IT, машина құрастыру, металл, туризм, энергетика, құрылыс саласында жұмыс орындары табылады.

2022 жылы жұмыс іздеп 8000-ға жуық қазақстандық азамат шетелге кеткен. Әрине, қомақты табысқа кенелгісі келетін 18-35 жас арасындағы азаматтар. Жас мамандар жаппай шетел асса, елде кім қалатыны белгісіз. Жақсы өмір сүруді аңсайтын, сыртқа кететіннің басым көпшілігі тіл білетін білімді жастар. Мұндағы жалақы оның күнкөрісіне жетпейтіні сөзсіз. Қазақстанда жұмыс табылады, бірақ жалақысы өте аз. Ал Кореяда бір айда тапқанды Қазақстанда 5-6 айда табасың. Сонымен қатар тұрағын үйі мен жататын жері тегін, жұмысында таңғы, түскі, кешкі ас береді. Әсіресе техникалық маман иелері мен дәрігерлер кетуде. Қазақстаннан кеткен әр үшінші эмигрант жоғары білімді болса, ал төртіншісі орта білімді. Мамандар бұл үрдісті «ақылды, қабілетті адамдардың кетуі» деп атауда. Көшкіндер көше берсе, еліміздің өркендеуі мен көш бастауы қиын болуы мүмкін. Қазақстанда білікті маман мен жұмысшының өзі жетіспей тұрғанда, бұл біздің экономикамызға, оның ішінде өндіріс саласының құлдырауына немесе тоқтауына әсер ететіні сөзсіз. Қазіргі жастар 4-5 жыл білім алады, ал жұмыс істейін десе жалақысы өте төмен болғандықтан, жұмысқа барғысы келмейді.

Қорыта келгенде, жас азаматты еңбекпен қамтуға әсер ететін негізгі іс-шаралар: жастар үшін жаңа жұмыс орнын ашатын кәсіпорынға мемлекет тарапынан қолдау жасау; тұрақты жұмыс орнын қалыптастыру; жастарға екінші мәрте жұмыспен қамтылуға мүмкіндіктер қарастыру; жастарды жұмыспен қамтитын өндіріс орындары мен мекемелердің инфрақұрылымын құру.

Ғалымжан КЕРІМБЕК,
доцент, экономика
ғылымының кандидаты

Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасына кіретін тұрақты даму мақсаттары аясында «Денсаулық және әл-ауқат» бағыты бойынша Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушылары «Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан 2-курс студенттерімен «Дені саулық – жаны сау» атты іс-шара өткізді.

Әркім өз денсаулығына жауапты

Іс-шара барысында денсаулыққа қатысты сауалнама жүргізіліп, студенттер 20 сұраққа анонимді жауап берді. Бұл жауаптардың нәтижесі саралана келе, студенттер өзара пікір алмасты. Адам өз денсаулығын сақтау үшін дұрыс ұйқыға, дұрыс тамақтануы қажет. Сонымен қатар физикалық жаттығулар да денсаулыққа өте пайдалы деген тұжырымға келді.

Осыған орай, жапон бөлімінің студенттері Мәлика Рахымжан мен Дария Қапенова өздері дайындаған презентацияда темекідегі улы заттар және оның денсаулыққа қандай залал келтіретінін айтты. Араб бөлімінің Аруна Марат бастаған студенттері электронды темекілердің адам ағзасына қауіпті екенін дәлелдей отырып, онымен күресуге шақырды.

Қазіргі таңда есірткі сияқты тыйым салынған заттарды қолдану дүниежүзін алаңдатып отыр. Қытай бөлімінің Шұғыла Әбдірахманова бастаған студенттері есірткіге қатысты презентация жасап, оның адам ағзасына және ақыл-ой, пайымына тигізетін залалын айқындап берді. Есірткіні қолданудың жастар арасында, өкінішке қарай, көбейіп жатқанын статистикаға сүйене отырып айтты.

Шығыстану факультетінің студенттері денсаулық адамның болашағын белгілейтін өте маңызды фактор екенін тұжырымдай келе, зиянды әдеттерден сақтану қажеттігін көрсетті. БҰҰ аясындағы «Тұрақты даму мақсаттары» бағдарламасында бұл мәселелердің өзектілігі, адам баласының денсаулығы үлкен байлық екенін және әсіресе жастардың денсаулықтың қадірін қолда бар кезде білу керектігі айтылды.

Бұл іс-шараға қатысқан Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Ф.Жұмажанова, араб бөлімінің меңгерушісі А.Хаван студенттердің өз пікірлерін ортаға салуда белсенділік танытқандарын атап өтіп, мұндай іс-шараларды өткізудің маңыздылығын баса айтты.

Ақбота АХМЕТБЕКОВА,
Айгүл ЖИЕКБАЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушылары

Ұстаз дегенде көз алдымызға ғылыми жетекшіміз, ақ жүректі Галина Сафағазықызының жылы жүзі келеді. С.Киров атындағы университеттің химия факультетіне алғаш оқуға түскенде алдымен куратор, содан кейін ғылыми жетекші болған Галина Қуанышева еді.

Ұстаз бейнесі жадымызда



Ұстазымыз 1942 жылы Ақтөбе облысының Қобда ауданына қарасты Ново-Алексеевка селосында қызметкер жанұясында дүниеге келген. 1964 жылы университеттің «Үлкен химия» аталған бейорганикалық химия кафедрасын ойдағыдай аяқтап, кафедра меңгерушісі Б.Бірімжановтың шақыруымен жұмысқа қалды. Еңбек жолын студент кезден (1963 жылы) бастаған ол лаборант, аға лаборант, одан кейін «Химия және табиғи тұздар мен тұщайтқыштардың химиялық технологиясы» зертханасында аға инженер болып жалғастырды. Алғашқы күннен бастап профессор Б.Бірімжановтың жетекшілігімен «Магнезиалды фосфаттарды алудың физико-химиялық негіздері» атты ғылыми тақырыпты әрі қарай қаузады.

1971 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, сол жылы (1971 ж.) Бейорганикалық химия кафедрасына аға оқытушылық орналасып, 1975 жылы доцент болды. 1991 жылы докторлық диссертациясын қорғаса, 1993 жылы Бейорганикалық химия кафедрасында профессор болып қызмет атқарды.

Білім министрлігі мен Қазақстан Республикасының ғылыми бағдарламасына кіретін «Эртүрлі күкірт, кремний, магний, фосфор бар қосылыстарды синтездеу» тақырыбы бойынша іргелі ғылыми-зерттеу аймағында, фосфаттар химиясына арналған және олардың негізінде бейорганикалық материалдар мен заттар алу бағытындағы ғылыми жобалардың жетекшісі. Табиғи фосфат минералдар мен полимер фосфаттар үшін өңделген методологияның, фосфор кендерінен пайдалы компоненттерді, фосфоры бар полимерлі материалдарды өңдеудің практикалық маңызы өте зор екенін дәлелдеген айтулы ғалымның бүгінде 400-ге жуық ғылыми және әдістемелік еңбектері жарық көрді. Оның ішінде бір монография, 12 оқу-әдістемелік құрал, үш автор куәлігі бар. Галина Сафағазықызының есімі тек елімізде ғана емес,

алыс-жақын шетелдерге де таныл.

Көрнекті ғалым халықаралық, одақтық, республикалық симпозиумдар мен конференцияларға қатысып (Варна, Болгария), Киев (Украина), Мәскеу, Санкт-Петербург, Иркутск, Куйбышев, Пермь, Красноярск, Грозный (Ресей), Лондон (Англия), Ченай (Үндістан), Ташкент (Өзбекстан), Фрунзе (Қырғызстан), Ашхабад (Түрікменстан), сонымен қатар еліміздегі Қарағанды, Алматы, Тараз, Атырау, Павлодар қалаларындағы ғылыми басқосуларда маңызы зор көптеген баяндама жазады.

Галина Сафағазықызы 2009 жылы «Химия факультетінің үздік оқытушысы», 2010 жылы Білім және ғылым министрлігі грантының иегері атанды.

Жоғары білімді кадрлар даярлауда профессор Г.Қуанышева ерекше үлес қосты. Оның жетекшілігімен үш докторлық, сегіз кандидаттық диссертация қорғалды. Шәкірттері республикамыздың көптеген аймақтарында жемісті еңбек етіп жүр.

Профессор 1992 жылы ғылыми-педагогикалық еңбектері үшін «Халықтық оқу-ағарту үздігі», 1994 жылы Нью-Йорк ғылымдар академиясының мүшесі деген құрметті атақтарға ие болды.

2017 жылдың шілде айында химия ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, фосфат шикізатының және басқа да химия, сондай-ақ экология саласының ірі ғалымы, талантты педагог Галина Қуанышева өмірден озды.

Бар ғұмырын елінің игілігі мен ортақ мақсаты жолында ғылымның жетекші әрі күрделі химия саласына арнаған айтулы ғалым, жүздеген маман тәрбиелеген парасатты ұстаз Галина Сафағазықызы шәкірттерінің есінде мәңгі қалады.

Бейкүт БАЛҒЫШЕВА,
х.ғ.д., доцент

Назгүл ДАЛАБАЕВА,
х.ғ.к., аға оқытушы
химия және химиялық
технология факультеті

Энергия тапшылығы мәселесін қалай шешеміз?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жолдауында айтқандай, елімізде атом электр станциясын салу-салмау мәселесі референдум арқылы шешілетінін білеміз.

Алайда Энергетика министрлігі бұл мәселенің оңтайлы шешілетініне, яғни халықтың көпшілігі «иә» деп дауыс беретініне сенімді сияқты. Олар АЭС орналасатын аумақты (Балқаш маңы, Үлкен ауылы), оның қуаттылығын (1200 Мвт-тан 2 блок), станцияны салатын компаниялардың (Ресей, Корея, Франция, Қытай, АҚШ) тізімін де анықтап қойған секілді. Біздегі осы уақытқа дейінгі референдумдардың нәтижелеріне қарап, солай болудың ықтималдылығы жоғары екенін болжау қиын емес. Біздің топшылауымыз бойынша, АЭС құрылысын жүргізуде Түркия, Иран және басқа көптеген елде атом электр станцияларын салған, салып жатқан және басқаларға қарағанда арзанда салатын, әрі көрші, әрі дос мемлекеттің «Росатом» компаниясына таңдау түсетін сияқты.

Референдум алдында АЭС-ты жақтаушылар (Энергетика министрлігі) да, қарсылар (экологтар, белсенділер) де өз дәлелдерін келтіріп, қарсы жақтың пікірін жоққа шығаруға тырысады.

Экологтар оның радиациялық қауіптілігін баса айтады. Чернобыльдағы (Ресей, 1986), Фукусимадағы (Жапония, 1911) Три-Майл-Айлендегі (АҚШ, 1979) апаттарды мы-

салға келтіреді. Атом электр станциясы көп суды қажет ететінін, оның су жетіспеушілікке әкелуі мүмкін екенін алға тартады. Бағасының қымбаттығы тағы бар. Олардың орнына жел электр станцияларын, күн электр станцияларын салу керек деп санайды.

Министрлік өкілдерінің, оларды қолдайтын сарапшылардың жауаптары да көңіл аударарлық. 1922 жылдың шілдесіндегі мәліметке қарағанда, осы кезде (бұл мәлімет биыл көп өзгере қойған жоқ) бүкіл дүниежүзінде 32 (33) мемлекетте жалпы қуаты 394 ГВт 440 атом электр станциялары бар 54 энергиялық блок салынып жатыр, 201 энергиялық блок жабылған. Айта кетейік, 1999 жылға дейін Қазақстан да осы тізімде бар болатын. Ақтаудағы (бұрынғы Шевченко) дүниежүзінде бірінші рет салынған жылдам нейтрондарды қолданатын реактор БН-350 1973-99 жылдар арасында сол жердегі халықты Каспийдің тазартылған суымен қамтамасыз етіп тұрды. Қазіргі кезде Ядролық орталықта жұмыс істеп тұрған екі реактор, Ядролық физика институтында бір реактор бар. Демек, Қазақстанда реакторларды басқару тәжірибесі де, оларды басқара алатын мамандар да бар деген сөз.

Дүниежүзіндегі реакторлардың басым бөлігі бес мемлекетте орналасқан. Олар: Америка Құрама Штаттары (95 реактор), Франция (56), Қытай (49), Ресей (38) және Оңтүстік Корея (23). Бұл елдерде атом электр станцияларында өндірілетін өнімнің үлесі 20 пайыздан (АҚШ) 70 пайызға (Франция) дейін болды.

Реакторлардың бірнеше түрі бар. Көп тарағандары –

ВВЭР, РБМК. Ресейде осы реакторлар көп салынған. Қазақстанға осылар ұсынылатын шығар. Шығын жағына келер болсақ, 1200 МВт екі блок 10-12 миллиард доллар шамасында болады деп жобаланған және 8-10 жыл шамасында салынуы мүмкін.

Сонымен «Қазақстанға атом энергиясы қажет пе?» деген сұраққа референдум кезінде бәріміз де жауап беруімізге тура келеді. Әрине, жұртты алаңдататын негізгі мәселе – қауіпсіздік. Осы уақытқа дейінгі болған апаттар не реакторды басқарушы мамандардың қате әрекеттерінен (Чернобыль) немесе бұрын болмаған табиғи апаттың әсерінен болған. Алпыс жылдан асатын уақытта Францияда бірде-бір апатты жағдай тіркелмеді. Оның үстіне қазіргі кезде үшінші, төртінші буындағы, қауіпсіздігі өте жоғары реакторлар салынууда. Бұл жағынан алғанда көп алаңдаудың реті жоқ сияқты.

Қаражат мәселесі инвесторлар арқылы шешілуі мүмкін. Энергия қажеттілігі дау тудырмайтын мәселе, әсіресе оңтүстік аудандар үшін. Ал әлеуметтік жағынан келер болсақ, жұмыс орындары ашылады және жоғары білімді, білікті мамандар қажет болады. Елдің абыройы артады, өйткені АЭС салу кез келген мемлекеттің қолынан келе бермейді. Көршіміз Өзбекстан да қазір АЭС салып жатыр. Десек те, барлық мәселе референдумда шешіледі. Біздің халық дұрыс шешім қабылдайды деп ойлаймыз.

Тұрғара ТҮСЕЕВ,
физика-математика
ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған
профессор

Мұражай тыңдаушыларды қызықтырды

ТДМ-ның 17 мақсатын іске асыру аясында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының «Өлкетану», «Парасат» клубтарының ұйымдастыруымен шетелден келген тыңдаушылар ҚазҰУ қалашығында орналасқан кітапханадағы Әл-Фараби мұражайымен танысты.



Мұражайда «Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы» бөлімінде тоғыз жолдың торабында орналасқан, ортағасырлық Отырардың қайталанбас атмосферасы, кітапханасы бейнеленген. Сол уақыттың шынайы бейнесін беру үшін археологиялық қорық мұражайынан алынған X-XII ғасырларға жататын тарихи экспонаттар қойылған. «Ұлы Жібек жолы бойымен» бөлімінде Әбу Насыр әл-Фарабидің шығыс пен батыс мәдениетін ғасырлар бойы жалғастырушы, әлемдік өркениет тарихындағы маңызды жетістігі туралы айтылады. Қазақ жері арқылы өткен Ұлы Жібек жолының керуендері мұражайды LED экран арқылы айнала жүргенде, өзіңді бейне сол ғасырда түйенің үстінде отырып кетіп бара жатқандай сезінесің.

«Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбаты» бөлімінде диарамалар мен витриналарда шығыс пен батыс философиясының бірігуіндегі ойшылдың ерекше орны образды түрде бейнеленеді. Бұл бөлімнің экспозициясында көне грек философиясына қатысты материалдар, әсіресе Аристотельдің көзқарастары үлкен мәнге ие.

«Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары» атты бөлімінде Фарабидің жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардың әр саласындағы теңдессіз еңбектеріне арналған. Терең білім мен ғұламалық оны «Екінші ұстаз» атандырды. Ұрпақтарына 200-ге жуық трактат қалдырған, осы трактаттармен тыңдаушылар ҚазҰУ кітапханасындағы еңбектерден та-

ныса алады. «Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан» қорытынды бөлім болып танылады. Мұнда Қазақстандағы фарабитанудың бүгінгі жай-күйі туралы материалдар қойылған. Витриналарда қазақстандық белгілі фарабитанушы ғалымдардың – А.Машани, А.Қасымжанов, Ә.Дербісәлі т.б. көптеген авторлардың еңбектерімен таныса аласыздар.

Жаңа технологиямен жасалған заманауи мұражай тыңдаушылардың көңілін шығып, шетелден келген қазақ жастары өздеріне баға жетпес білім алды деген ойдамыз.

Гүлнәзира МӘУЛЕТХАНҚЫЗЫ,
Жоғары оқу орнына дейінгі
дайындық кафедрасының аға
оқытушысы

It's never too early to think about how to become successful. Success is an important consideration for many people, and it's essential to begin thinking about it early, just from the school years. This idea was reinforced during a recent English lesson in which students of specialized group 101 at the Faculty of Chemistry and Chemical Technology shared their thoughts on success stories. Firstly, we reviewed accounts of successful individuals' practices and discussed their ability to attain significant accomplishments by defining their own criteria for success. We read stories about the habits of successful people and talked about how successful people achieve great things by defining their own terms for success. In this article by highlighting the opinions of these students, we hope to inspire others to embark on their own paths to success, starting at Al-Farabi University.

The Road to Success Begins at Al-Farabi University!!!

Nazerke

I think I'm a successful person! My most favorite subject at school was Chemistry and I was lucky to participate in city Olympiads for three years running and received first and second places. Now I am a happy student at al-Farabi University. I consider myself as a pride of my parents and my environment. In the future, I will study and work with my sleeves rolled up to become a sought-after specialist in my field.

Diana

I consider myself to be a fairly successful person and recently I was wondering why that is. First of all, I am a student at a prestigious university, I study on a scholarship, I work and support myself. I believe the real reason



for my success is that I always set goals that are beyond my capabilities. This is the only way to push yourself to grow. Every time I do this, at first I feel really bad, I'm tired and it's very hard for me, but with time I get used to it and find ways to cope with it. In the end, I always achieve my goal one way or another. So I con-

sider myself a successful person and I think I will be even more successful in the future.

Akezhan

I am, definitely, a successful person! I'm a happy student at al-Farabi University, which is a highly regarded educational institution in Central Asia. I was

lucky to win a state scholarship to study chemistry. My university cooperates with a lot of other universities, students from various countries study here. We have a spacious beautiful campus, a big Library, every faculty has its own building. I'm enrolled in an English group. We attend all lectures in English. I believe that my English proficiency will help me to advance my knowledge in

Chemistry in at renowned Universities abroad.

Symbat

I am 17 years old and I study at Al Farabi Kazakhstan National University. I am happy to join a big community of al-Farabi university students. I have been studying here for two months now, I'm majoring in Chemistry and Chemical Technology. The University is an opportunity for me to realize myself and reveal my abilities to the fullest.

A. MULDAGALIYEVA,
Department of foreign languages

A. ZHENGISNUR,
*monitor of group 101,
Faculty of Chemistry and
Chemical Technology*

Wishing Success to our Professor!



Professors play a pivotal role in shaping the intellectual and professional development of their students, fostering critical thinking, and advancing knowledge within their disciplines. Such is our professor Zhangara Dadebayev who will turn 75 years in November. Zhangara Dadebayevich is both a research and teaching professor. He is the author of several course books and manuals for students of higher educational institutions. The scientist wrote about Abai studies, Kazakh literature, Kazakh oratory art. In this article we focus on his highly valuable scientific work devoted to Translation Studies titled "Literary Comparative Studies and Literary Translation". In this work the professor tells about literary comparison, history of its origin, scientists who studied it, works written by them, interrelation of comparison with other sciences. The second chapter entitled "The mastery of artistic translation" examines the translations of the great poet Abai Kunanbayuly, the Goethe-Lermontov-Abai harmony, emphasizes the quality of translation of the poet's poems into Russian. The author gives a thorough analysis of the translation variants made by G. Belger, M. Dudin, Y. Neiman, Y. Kuznetsov, E. Kurdakov and other translators and presents his evaluation of their quality, trying to prove by examples which translation is the best in his opinion. In Chapter 3, "Literary Translation and Literary Creativity," the author discusses the literary works of Democritus, Plato, Aristotle, and Cicero. He examines the concepts of literary creativity and literary translation in general and emphasizes that the act of translation is distinct from oratory or literary creativity. The fifth chapter of the guidebook focuses on the translation work of master translator and translation theorist M. Auezov. Pr. Dadebayev focuses on Auezov's scholarly articles such as "Some theoretical problems of Literary Translation," "On the Kazakh translation of E. Onegin," "On the translation of Revizor," and "The Eternal Poet - Shota Rustaveli."

It is our firm opinion that the manual is a valuable study material for students majoring in the specialty "Translation studies". We wish Pr. Zhangara Dadebayev strong health and successful scientific-research activities!

G.K. KAZYBEK,
Ass. Professor,

G.N. ISKAKOVA,
*senior teacher Department
of Foreign Philology and
Translation Studies*

The Sustainable Development Goals (SDGs) are a collection of seventeen interlinked universal goals adopted by the General Assembly of the United Nations in 2015. These seventeen goals are aimed at the improvement of the overall well-being and prosperity of all people in the world. Integrating Sustainable Development Goals in the English language classroom is one of the efficient ways for raising students' awareness of the existing global issues in the world and their possible solutions.

Sustainable Development Goals: Tourism in Kazakhstan

Master students majoring in "Accounting and Audit" specialty prepared a thematic lesson on the topic "Kazakhstan has great potential as a highly visited tourist destination". KazNU Master student Aichurek Kachkynchieva works in tourism, and she thinks that it has great potential. One of her favourite tourist destinations is Turkestan. On March 31, 2021, at the VIII informal summit of the Cooperation Council of Turkic-Speaking States, a declaration was signed giving Turkestan the status of the spiritual capital of the Turkic world. This document gave positive dynamics to the development of Turkestan in the spiritual and cultural direction. The strategies of development of Turkestan were formulated. It is envisaged that Turkestan will turn into one of the fabulous tourism destinations in Kazakhstan.

Aichurek prepared presentation on the lakes Kolsay and Kaindy. The village of Saty is the gateway to the lakes; Kolsay is 15 km southwest from Saty, Kaindy Lake is 15 km southeast. About 3,000 people live there. People make a living through tourism, 90% of the houses are guest houses. Modern style tourist sites are being developed here.

A. Zhetpisbay, Z. Kalen, N. Kairat highlighted Katon-Karagay, Katon-Karagay State National



Park is the largest national park in Kazakhstan. Its area exceeds half a million hectares. Katon-Karagay is located in the most picturesque region of Altai mountains and borders on Russia on one side and China on the other. About 30 species of animals and birds listed in the Red Book are habitats of Katon-Karagay. In 2014 the park was included in the UNESCO list of specially protected heritage sites. D. Serik, A. Yuferova presented Ak-Bulak ski resort and Kok Zhailau, D. Ibraeva and A. Nysanova spoke about Astana as a business tourism centre. All presenters expressed their optimism about the future of tourism in Kazakhstan saying that some time will pass and our country will, definitely, become one of the most impressive and most visited tourist destinations!

Indira ORAZBEKOVA,
Department of foreign languages

• Story corner

You are made to fly high

Long time ago, a king received 2 beautiful baby eagles in form of a present. The king was very pleased with the gift & decided to hire an experienced caretaker for them. He took great care of them and developed such a strong bond with those two that they didn't need to be caged.

After few months the king decided to pay them a visit. He noticed that the two Babies had now developed into strong adolescents. The king wished to see them flying and ordered the caretaker to signal them to fly into the sky.

On receiving his signal, both eagles began to fly. One of them flew high into the sky and touched new heights,

While other one flew for some seconds and returned to the branch where it was earlier sitting.

King found this little weird and asked the caretaker that why are these 2 so contrasting. The caretaker told the king that this one had a problem from the beginning and he would never leave the branch.

The king desperately wanted the second bird to fly high as the first one. So he announced this as a challenge in his court and



stated that the person who will be successful in making the eagle fly would receive a heavy prize from the king. So, many scholars came and tried to apply the knowledge they had, But no one was successful. The king too lost hope and almost gave up. But after few days the caretaker informed the king that one man was successful in making the eagle fly high in the sky. He was then brought before the king where the king was eagerly waiting with the promised prize. The king learnt that the man was a simple farmer. He just asked him his method he used which lot of highly qualified people didn't think about.

He said, "I simply cut the branch. The branch on which he had a habit of sitting. As there was no branch, he had no option but to fly. And which he did very well."

We all are meant to fly high in our life. But sometimes we underestimate ourselves and don't realize our true potential. We are habituated to doing certain things which will always limit us. Just as the eagle didn't realize that it could actually fly so high as it always liked to remain on the branch. After the farmer had cut it, it had no option but to come out of its comfort zone and start working. Only then he realized its true potential.
(<https://www.linkedin.com/pulse/head-start-our-year-story-2-eagles-dinesh-chandrasekar-phd-h-c->)

Prepared by Aizhan MULDAGALIEVA

Шебер ұстаз

Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесінде көңіліңді, бойыңды бұлақтай таза сақта, бұлаққа қарасақ, күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол секілді сыртқа ашық көрініп тұрсын деген түсінік бар.



терін оқытуда тәрбие мен білім беруді құстың қос қанатындай тең ұсына алатын нағыз шебер ұстаз.

Қандай жағдай болса да, Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» бойындағы асыл қасиеттерімен жан-жағын өзіне баурап, таза, риясыз көңілімен, мінезімен еріксіз тартып тұратын қасиеті шәкірттерімен қоса, әріптестерін, дос-жарандарын өзіне тәнті етеді.

Айналасы Райхан Исатайқызын ізгілік пен ізеттілікті, адалдық пен әділдікті, әдеп пен кішіпейілдікті, парасат пен инабаттылықты паш ететін жүзі жарық, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жан ретінде құрмет тұтады.

Райхан Исатайқызын мерейтойымен құттықтаймыз! Қызғалдақтай өсірген үш қызыңыз, немереңіз аман болсын! Отбасыңызға ырыс пен ынтымақ, бақ пен береке тілейміз!

Гүлбағиша МҰСАЕВА,
доцент

Қазақ ұлттық университетінде ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы Райхан Исатайқызы 60 жасқа толып отыр.

Р.Дүйсенбаева 1986 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетін бітірген. Мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы. Алғаш еңбек жолын Алматы сәулет құрылыс академиясында бастап, 1996 жылдан бері ҚазҰУ-дың аталған кафедрасында жұмыс істеп келеді. Кафедрада 30 жылға жуық шетел азаматтарына қазақ тілін үйретумен айналысып ке-

ле жатқан Райхан Исатайқызы өз ісінің білікті маманы. Р.Дүйсенбаева 50-ден аса жарияланымның авторы. Оның ішінде үнемі сұраныстан түспейтін оқу құралдары, оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулары да бар.

Жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайтын ұстаз тіл үйренуге келген әрбір тыңдаушының көңілінен шығып, әрқайсысының жүрегінен орын таба біледі. Адами құндылықтарды бірінші орынға қоятын Райхан Исатайқызы – студент-

Саёра қазақ күресінің чемпионы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті медицина және денсаулық сақтау факультетінің 3-курс студенті Саёра Мирзахметова Ақтау

қаласында өткен ҚР чемпионатында қазақ күресінен 60 келі салмақта чемпион атанды.

Республикалық жарысқа еліміздің 17 об-

лысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан әртүрлі салмақ дәрежесі бойынша барлығы 500-ге жуық спортшы қатысты.

Дзюдо чемпионатында топ жарды

Астанада өткен дзюдодан Қазақстан чемпионатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Диана Буркеева 48 келіге дейінгі салмақта чемпион атанып, алтын медаль жеңіп алды.

ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының



1-курс студенті Нұрсұлтан Зайзағалиев 66 келі салмақта сынға түсіп, күміс медаль иеленді.

Заң факультетінің 2-курс студенті Аңсарбек Ғайнуллин 81 келі салмақта қола жүлдегер атанды.

Табиғат аясындағы демалыс

Корпоративтік іс-шара, әсіресе жұмыс күндерінен тыс тынығуға табиғаттағы белсенді корпоративтік демалыс кез келген ұйым үшін өте маңызды. Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат сыйлайтын сұлулық пен әсемдік әлемі, баға жетпес байлық.



ҚазҰУ-дың АТ-инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету департаментінің ұжымы «Парасат» кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен табиғаттың керемет ұштасқан тұсы – Көлсай мен Қайыңды көлдері аймағына демалысқа шықты. Аспанмен шағылысып, ерекше түске көмкеріліп жатқан көрікті көл әр қызметкерге ұмытылмас ерекше әсер сыйлады. Ұжым жаймашуақ күні жақсы көңіл күймен әндетіп, көлге жаяу түсті. Жоғарыдан қарағандағы көрініс кез келген адамды таңғалдырады. Көлсай көлдерін Солтүстік Тянь-Шаньның інжу-маржаны деп атайды. Көлдерді Тянь-Шань шыршасының қылқан жапырақты орманы қоршап тұр.

Қызметкерлер Көлсай мен Қайыңды көлдерінің мөлдір, таза жағасындағы қарағайлы орманында демалып, сергектік қуатын алды. Ұжым қызметкерлері таза ауада көңілін серпілтіп, бір сәтке тіршілік күйіңін ұмытты. Бұл ұжымдағы әр қызметкер үшін ұмытылмас әсерге толы күн болды. Жалпы, бұл демалыс қызметкерлердің еңбек міндеттерін тиімді әрі сапалы орындауына септігін тигізері сөзсіз. Мұндай демалыс күнделікті күйің тіршілікті ұмытуға, салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулықты нығайтуға, ұжымда корпоративтік рухты көтеріп, ауызбіршілікті арттыруға ықпал етеді. Ұжым әр жыл сайын табиғат аясында де-

малуды дәстүрге айналдырған. Ұжымдық демалыс ауызбіршілікке жетелейді.

Департамент ұжымы демалыс уақытын Көлсай мен Қайыңды көлдері жағайында жайлы өткізуге мүмкіндік берген «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Құмарғалиұлына шексіз ықыласын білдіреді. Кәсіподақ үлкенге де, кішіге де жігер беріп, қолдан келетін көмекті аямай, әрқашан біздің АТ департаментке қолдау көрсетіп келеді. Кәсіподақ қызметіне өте ризамыз.

Ботагөз ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ,
АТ-инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету департаментінің қызметкері

Елдар – суда жүзуден жүлдегер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің студенті Елдар Шекербек Oceanman Dubai-2023 суда жүзуден халықаралық жарыста жоғары нәтижелер көрсетті.

Әлемнің 28 елінен 3000-нан астам спортшы қатысқан додада Елдар Шекербек:

– БАӘ Дубай Парсы шығанағында 10 км қашықтыққа 20-29 жас аралығында ашық суда еркін жүзуден қола жүлдегер,



– ерлер эстафетасында 3x500 метрге жүзуден күміс жүлдегер,

– 3x500 метрге жүзуден абсолютті эстафетада қола жүлдегер атанды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.